

Облыс әкімдігінің 2012 жылғы 10 желтоқсандағы "Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуын бекіту, ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде діни жораларды өткізуге арналған үй-жайлардың орналастырылуын келісу туралы" N 389 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы әкімдігінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі N 337 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаментінде 2014 жылы 29 қазанда N 2900 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 2025 жылғы 23 қыркүйектегі № 293 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 23.09.2025 № 293 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

"Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы" 2011 жылғы 11 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңының 5-бабы 7) тармақшасына сәйкес Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Облыс әкімдігінің "Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуын келісу туралы" 2012 жылғы 10 желтоқсандағы N 389 қаулысына (Алматы облысының әділет Департаментімен 2012 жылдың 21 желтоқсанында N 2252 тіркелген, "Огни Алатау" және "Жетісу" газеттерінде 2012 жылғы 27 желтоқсанында жарияланған N 144) келесі өзгерістер енгізілсін:

кіріспедегі "4) тармақшасына" деген сөздер "7) тармақшасына" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулының 1-қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Серік Мейірханұлы Мұқановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімдігінің
2014 жылғы "19" қыркүйектегі
N 337 қаулысына қосымша

Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналасуы

N	Нысанның атауы	Мекен жайы
1	"Әлемді" сауда үйі	Талдықорған қаласы, Біржан Сал көшесі, N 50/52
2	"Салтанат" сауда үйі	Қапшағай қаласы, 2 шағын аудан, N 2 үй
3	"Алатау" сауда үйі	Қарасай ауданы, Қаскелең қаласы, Абылайхан көшесі, N 90
4	"Книги" дүкені	Панфилов ауданы, Жаркент қаласы, Жмутская көшесі, N 29/3
5	"Книги" дүкені	Сарқан ауданы, Сарқан қаласы, Жамбыл көшесі, N 43
6	"Әмбебап" дүкені	Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, N 6
7	"Алакөл базары"	Алакөл ауданы, Үшарал қаласы, Д.Қонаев көшесі, Алакөл базары, N 2 бутигі
8	"Гүлзат" сауда үйі	Балқаш ауданы, Бақанас ауылы, Сейфулин көшесі, N 2/22
9	"Солнечный" дүкені	Еңбекшіқазақ ауданы, Есік қаласы, , Алтын адам көшесі, N 119 А
10	"Ақжол" дүкені	Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылы, Абай көшесі, N 134
11	"Агиян" дүкені	Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылы, Ескелді би көшесі, N 87
12	"НІТ" супермаркеті	Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы, , Абай көшесі, N 51
13	"Халал" дүкені	Іле ауданы, Боралдай кенті, Абылайхан көшесі, N 2
14	"Бекзат" сауда үйі	Қаратал ауданы, Үштөбе қаласы, Абылайхан көшесі, N 19

15	"Шаңырақ" дүкені	Кербұлақ ауданы, Сарыөзек кенті, Рысқұлов көшесі, N 3
16	"Шаған" дүкені	Көксу ауданы, Балпық би ауылы, Қабанбай батыр көшесі, N 1
17	"Сымбат" дүкені	Райымбек ауданы, Кеген ауылы, Әзімжанов көшесі, N 25
18	"Современное домашнее хозяйство" сауда үйі	Талғар ауданы, Талғар қаласы, Гагарин көшесі, N 122
19	"Алимжан" дүкені	Ұйғыр ауданы, Шонжы ауылы, К. Исламов көшесі, N н/з үй
20	"Жанна" дүкені	Текелі қаласы, М. Әуезов көшесі, N 32 үй

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК